

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 тамыздағы N 226-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 2 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) екі ай мерзімде тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуді, бекітуді және қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберуді қамтамасыз етсін және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 13 тамыздағы
N 223 - ө өкімімен

бекітілген

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою	Қазақстан Республикасы	ККМ, СІМ, ІІМ, ҰҚК (келі-	

	ережесін бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	с і м бойы - нша)	2005 жылғы қазан
2.	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына рұқсаттар беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2005 жылғы қазан
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2005 жылғы қазан
4.	Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұру ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	ККМ	2005 жылғы қазан

* Шартты белгілер мен қысқартулар:

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті